

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «21» сәуір
№148 шешіміне

**«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2019 жылғы қорытындылары бойынша есебі**

№	Корпоративтік басқару қағидаттары	Корпоративтік басқару қағидатының сақталуын бағалау өлшемдері	Корпоративтік басқару қағидатына сәйкес келу мәртебесі	Корпоративтік басқару қағидатының сақталуын бағалау өлшемдерінен ауытқуды түсіндіру
1. Үкімен Қор акционері ретінде				
1.1.	<p>Қордың және ұйымдардың негізгі стратегиялық міндеті - Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы, бұл Қордың және компаниялардың даму стратегиясында көрініс табады. Барлық қабылданатын шешімдер мен іс-қимылдар даму стратегиясына сәйкес келуге тиіс.</p> <p>Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор және компаниялар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанын барынша оңтайландыруға тырысуы тиіс. Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға сол нарықта бәсекелестік болмаған немесе Қордың және ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік беретін жағдайда жол беріледі.</p> <p>Қор ұйымдарында акциялардың бақылау пакеттерінің (қатысу үлестерінің) бар болуы және сақталуы ұсынылады.</p>	<p>Аталған стратегиялық міндеттер Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 тамыздағы №134 шешімімен бекітілген Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған өзектендірілген Даму стратегиясында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған 2018 жылғы 11 маусымдағы №03-6-14-02/3346 ұзақ мерзімді болжал хатына, сондай-ақ Қоғамның Жарғысына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясында көрсетілген «Самұрық-Қазына» АҚ дамудың стратегиялық басымдықтарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары негізінде көрсетілді.</p> <p>Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясын табысты іске асыру мақсатында, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138 шешімімен Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша Жол картасы бекітілді. Жол картасы Қоғамды дамытудың мынадай төрт стратегиялық бағыттарын іске асыру үшін бастамаларды көздейді: мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау; жылжымайтын мүлікті басқару; арнайы экономикалық аймақтарда құрылыс пен үлестерді басқару. Сондай-ақ Даму стратегиясын табысты іске асыру үшін Жол картасына келесі корпоративтік бастамалар бойынша іс-шаралар енгізілді:</p> <p>«СК Девелопмент» ЖШС жұмысын тоқтату, «ЖМК Менеджмент» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49%-н сату, HR стратегиясын әзірлеу, жобаларды басқарудың жобалық және портфельдік тәсілін енгізу, қорландыру стратегиясын әзірлеу және корпоративтік басқару рейтингін көтеру. 2019 жылғы 1-тоқсан қорытындылары</p>	Қолданылады	

		<p>бойынша Жол картасының мониторингі Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144 отырысында қаралды.</p> <p>- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138 шешімімен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жалғыз акционерінің 2019 жылға арналған болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.</p> <p>- 2019 жылғы 18 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Қоғам атауын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ға өзгерту және Қоғамның қызмет түрлерін құрылыстағы жобаларды басқару және техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерге, инженерлік іздестіру саласындағы қызметке және осы салада техникалық консультациялар беруге өзгерту бөлігінде Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақұлданды;</p> <p>- 2019 жылғы 2 сәуірде Қоғам сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару құқығына 2021 жылғы 2 сәуірге дейінгі мерзімге № 000024 аккредиттеу туралы куәлік алды;</p> <p>- 2019 жылғы 26 сәуірде Қоғам бірінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына № 01031 аккредиттеу туралы куәлік алды;</p> <p>- «СҚ Девелопмент» ЖШС бөлігінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 15 ақпандағы №139 шешімімен «СҚ Девелопмент» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Жарғысына инженерлік ісдеулер саласындағы қызмет түрін кеңейту және техникалық консультациялар беруге қатысты өзгерістер бекітілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті мынадай:</p> <p>- Атырау облысы: «KUS» ЖШС, «Біріккен химиялық компания» ЖШС объектілерінің құрылысы;</p> <p>- Жамбыл облысы: «Хим-плюс» ЖШС, «Тараз химиялық паркі» АЭА БК» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС объектілерінің құрылысы жобаларын іске асыру кезінде Серіктестікке 2025 жылдың соңына дейінгі қызмет ету мерзімімен (07.02.2019ж. № 35-6-10/14305 шығыс хат) қызмет түрін кеңейтуге келісімін берді.</p> <p>- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №142 шешімімен «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 49% мөлшеріндегі Қоғамның қатысу үлесін иеліктен шығару туралы мәселе қаралды. 2019 жылдың желтоқсан айының басында «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы Қоғамның 49% құрайтын қатысу үлесі оның екінші қатысушысы «КАН Групп» ЖШС-ға өткізілді.</p>		
1.2.	Үкімет «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының		Қолдануға	

	Заңында және Қордың жарғысында көзделген Қордың жалғыз акционерінің және Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілдіктің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана Қорды және ұйымдарды басқаруға қатысады. Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары мен мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімде регламенттелген (бұдан әрі - Өзара іс-қимыл туралы келісім). Акционер ретіндегі Үкіметке қатысты осы Кодекстің «Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас» деген 4-тараудың «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін бөлігіндегі қағидаттары қолданылады.		болмайды	
1.4.	Елді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету және ықтимал қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Қорды басқару мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын Қорды басқару жөніндегі кеңестің (бұдан әрі - ҚБК) отырыстарында қаралады. ҚБК өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 1116 Жарлығымен бекітілген ережеге сәйкес жүзеге асырады.		Қолдануға болмайды	
1.5.	Үкімет Қорға және ұйымдарға толық операциялық дербестік береді және заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкіметтің және мемлекеттік органдардың тарапынан Қордың және ұйымдардың жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді. Қор басқармасы, Қор басқармасының төрағасы, ұйымдардың органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз.		Қолдануға болмайды	
1.6.	Үкімет пен Қордың, ұйымдардың арасындағы өзара қарым- қатынастар (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады. Қордың Директорлар кеңесі төрағасының және басқарма төрағасының рөлі мен функцияларының аражігі айқын ажыратылған және Қордың құжаттарында бекітілген.		Қолдануға болмайды	
1.7.	Қор «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қордың жарғысына, Өзара іс-қимыл туралы келісімге сәйкес акционер ретіндегі Үкіметке және Қордың Директорлар кеңесіне Қордың қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты ашады және Қор мен ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.		Қолдануға болмайды	
1.8.	Қордың немесе ұйымның инвестициялық қызметі Қордың немесе ұйымның стратегиясына сәйкес нарықтық қағидаттарда жүзеге асырылады және құнның өсуіне және активтердің оңтайлы құрылымына бағытталады. Қордың немесе ұйымдардың рентабельділігі төмен және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруы жағдайлары Қордың немесе ұйымның жылдық есебінде осындай жобаларды қаржыландыру көздері көрсетіле отырып ашылуға тиіс.	Жалғыз акционердің пайдасына таза кірісті бөлу формальдандырылған және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады. Қоғамның мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламаларына, сондай-ақ әлеуметтік объектілердің құрылысына қатысуы бағдарламаларды қаржыландыру көздері көрсетіліп, Жылдық есептерде көрсетіледі. Қоғамның инвестициялық қызметі даму стратегиясын іске асыру шеңберінде жүзеге	Қолданылады	

		<p>асырылады және активтер құнының өсуіне және оңтайлы құрылымына бағытталған. Инвестициялық қызметті ұйымдастыруға бірыңғай әдістер инвестициялық қызмет мәселелерін реттейтін Қордың Корпоративтік стандарттарында белгіленеді.</p> <p>2018 жылғы 9 шілдеде «Самұрық – Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін заңды тұлғалардың Инвестициялық қызметінің корпоративтік стандарты бекітілді.</p> <p>Корпоративтік стандарт «Самұрық-Қазына» АҚ және оның қоржын компанияларының (бұдан әрі - ҚК) инвестициялық қызметіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді, сондай-ақ инвестициялық қызметті жүзеге асыру шеңберінде Қор мен ҚК өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды және Қор мен ҚК-ның инвестициялық қызметті жүзеге асыруы кезінде орындау үшін міндетті болып табылады. Қоғам инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде Корпоративтік стандартты басшылыққа алады.</p> <p>Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 136 шешімімен жобаларды барлық негізгі параметрлер мен көрсеткіштер бойынша бағалауды қарастыратын Қоғамның негізгі қызметі бойынша қаржы моделінің үлгісі бекітілді.</p> <p>Қоғам сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша (бұрын - Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы, «Қолжетімді тұрғын үй - 2020») және коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша (бұрын - жеке құрылыс салушыларды қолдау бағыты бойынша «Нұрлы жер бағдарламасы») «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруды аяқтауда.</p> <p>Сондай-ақ Компанияның 2019 жылғы қызметі, «Самұрық-Қазына» АҚ желісі бойынша Нұр-Сұлтан, Түркістан қалаларында бірқатар маңызды әлеуметтік жобаларды, сондай-ақ Атырау, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында басқа да өндірістік жобалардың құрылысын сүйемелдеуге бағытталды.</p> <p>Сонымен қатар, Қоғам 2019 жылы Түркістан облысының Арыс қаласында қаланың әскери бөліміндегі жарылыстар мен өрт салдарынан бүлінген азаматтық құрылыс объектілерін қалпына келтіру бойынша елеулі жұмыс көлемін жүзеге асырды.</p> <p>Осы барлық бағдарламалар әлеуметтік маңызды болып табылады. Қоғамның Жылдық есебінде бұл бағыттар бойынша қызмет жан-жақты көрсетілді.</p>		
1.9.	Қордың Директорлар кеңесі, Қордың басқармасы, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері, Қордың корпоративтік хатшысы және Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) өз қызметін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін бөлігіндегі «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың және «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» деген 6-тараудың қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.		Қолдануға болмайды	
1.10.	Мәселелерді неғұрлым тереңірек және сапалы пысықтау үшін Қордың Директорлар кеңесі жанынан: аудит, тағайындау және сыйақы беру жөніндегі комитеттер, мамандандырылған комитет құрылады. Өзге комитеттер Қордың Директорлар кеңесінің қалауы бойынша құрылуы мүмкін.		Қолдануға болмайды	
1.11	Қорда корпоративтік хатшы тағайындалады. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін белгілейді. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметіне қатысты барлық мәселелер және осы Кодекстің		Қолдануға болмайды	

	ережелерін қолдану бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуына мониторингті және Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды.			
1.12	Қорда ІАҚ құрылады. Қордың Директорлар кеңесі сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне жалақының және сыйақының мөлшерін және төлеу шарттарын, сондай-ақ ІАҚ бюджетін белгілейді.		Қолдануға болмайды	
1.13	Қорда басқарма нысанында алқалы атқарушы орган құрылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Қордың жарғысында айқындалған құзырет шегінде атқарады. Қордың Директорлар кеңесі жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды қоса алғанда, Қор басқармасы қызметінің тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.		Қолдануға болмайды	
1.14	Қор және ұйымдар жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және осы стандарттарды барлық қызметкерлердің және Қор мен ұйымдар әріптестерінің тұрақты қолдануын қамтамасыз етуге арналған қажетті рәсімдерді енгізуге тиіс. Болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ немесе Қордың Директорлар кеңесіне немесе ұйымға жолдануға тиіс. Атқарушы орган және қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, оның барлық құрылымдық бөлімшелері болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламаларды ІАҚ немесе Директорлар кеңесіне беруге кедергі келтірмеуге тиіс.	2018 жылы Қоғамда комплаенс функциясы құрылды. Комплаенс-бақылаушы Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және жыл сайынғы негізде қайта сайлануға жатады. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №142 шешімімен Комплаенс-бақылаушы Б.Ж. Жұмабаевтің өкілеттігі бір жылға ұзартылды. «Жедел желі» бойынша байланыс деректерін Қоғамның веб-сайтына орналастыруды Комплаенс - бақылаушы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138 шешімімен Мінез-құлық кодексі бекітілді. Қоғамның барлық қызметкерлері Кодекспен танысып, ол туралы білімдерін тұрақты түрде растайды. Атап айтқанда, 2019 жылғы 4-тоқсанда Қоғамның жаңадан тағайындалған қызметкерлерінің Мінез-құлық кодексін білуі тексерілді. Қоғамда алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты әрекет етеді (Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №114 хаттамасы). Сондай-ақ Саясат Қоғамда және оның еншілес ұйымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы күрестің, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зардаптарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144 шешімімен осы Саясатқа сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және контрагенттерді тексеру тәртібі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мінез-құлық қағидалары мен стандарттарының бұзылуы туралы мәліметтерді жинау және қарау тетігінің болуын қамтамасыз етті: - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 маусымдағы №121 шешімімен мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарын, атап айтқанда Іскерлік әдеп кодексін бұзуға қатысты тәуекелдерді басқару үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ЭБДҰ басшылығының сыбайлас жемқорлыққа және паракорлыққа қарсы күрес жөніндегі талаптарын сақтау үшін Қоғамды бастамашылық хабардар ету саясаты бекітілді. Қоғам қызметкерлерге және өзге де қауымдасқан тұлғаларға құпия немесе жасырын негізде өзінің алаңдаушылығын 24/7 тегін телефон желісі, электрондық пошта және интернет арқылы тәуелсіз үшінші тарапқа білдіруге мүмкіндік беру үшін сыртқы операторды тарта алады. Сыртқы оператор әкімшілік ететін бастамашылық ақпараттандыру желісіне қосымша Қоғам алаңдаушылық білдіру үшін бірнеше басқа ішкі арналарды ұсынады: 1) Құрылымдық бөлімше жетекшілері;	Қолданылады	

		<p>2) Басшылық; 3) Комплаенс қызметінің жетекшісі; 4) Ішкі аудит қызметінің жетекшісі; 5) Омбудсмен; 6) Директорлар кеңесінің Төрағасы/Аға тәуелсіз директор.</p> <p>Қоғам қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы тұру бойынша тұрақты негізде тренингтер өткізеді. 2019 жылғы 23 қазанда құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері үшін Нұр-Сұлтан қ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басқармасының басшысы қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында тренинг өткізілді.</p>		
2. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі				
2.1	<p>Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесі олардың қызметін тиісті басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға және тұрақты дамуға бағытталады. Қор ұлттық басқарушы холдинг ретінде өзінің компанияларына қатысты стратегиялық холдинг рөлін атқарады. Корпоративтік басқару негізінде тиімділік, жеделділік және ашықтық болуы тиіс.</p>	<p>Қор мен Қоғамның өзара іс-қимылы корпоративтік басқарудың құрылған жүйесі негізінде және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №42/19 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ қоржындық компанияларымен өзара әрекеттесу саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Осы шешіммен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 30 мамырдағы №15/17 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ қоржындық компанияларымен өзара іс-қимыл жасау бойынша бұрын қолданыста болған саясат күшін жоюға қойылды.</p> <p>Жаңа саясатқа сәйкес Жалғыз акционердің Қоғаммен өзара іс-қимылы Директорлар кеңесі арқылы акционердің функциялары мен құқықтарын іске асыру арқылы, оның ішінде Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы және операциялық қызметке араласпай, қызметтің мақсатты көрсеткіштерін белгілеу арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Осы Есептің 1.1-тармағында 2019 жылы Қоғамның Даму стратегиясына қол жеткізуді іске асыру бөлігінде өткізілген іс-шаралар баяндалған, сондай-ақ мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 қазандағы №1365 шешімімен Жалғыз акционердің 2019-2023 жылдарға арналған болжалдарын талқылау нәтижелері қабылданды. Жалғыз акционердің болжалдары негізінде Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138 шешімімен Жалғыз акционердің 2019 жылға арналған болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді; - Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қазандағы №136 шешімімен Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған Бизнес-жоспары бекітілді. - Қоғамның 2019 жылғы Бизнес-жоспарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептер және Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2020 жылдарға арналған жоспарды орындау бойынша есептер қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесі оларды назарға алды (Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №142, 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144, 04.11.2019 жылғы №145, 25.12.2019 жылғы №147 хаттамаларынан үзінді). 	Қолданылады	
2.2	<p>Қордың және ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесі Қордың және ұйымдардың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ атқарушы органның, Директорлар кеңесінің, акционерлердің және мүдделі тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреттері және шешімдер қабылдау тәртібі жарғыда нақты айқындалуға және бекітілуге тиіс.</p>	<p>Компанияда корпоративтік басқару жүйесі:</p> <p>1) мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау: Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Директорлар кеңесінің тиісті комитеттері мұқият қарайды. Бұл ретте Жалғыз акционердің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 27/18 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамы 3 мүше болып белгіленді. Қазіргі уақытта Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің отырыстары кворумның болмауына байланысты жүргізілмейді.</p>	Қолданылады	

		<p>2) Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажырату: органдардың құзыреттері, өкілеттіктері мен жауапкершілігі, сондай-ақ шешімдерді қабылдау тәртібі Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережелерде және Басқармада нақты анықталған және бекітілген; «Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам Басқармасы мүшелерінің жауапкершілік аймағы нақты бөлінген; Компанияның құрылымдық бөлімшелері өз қызметін бөлімшелер туралы ережелердің негізінде жүзеге асырады; әрбір лауазымға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді.</p> <p>Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144 шешімімен Ережені басқарманың сандық құрамы, басқарманың өкілеттік мерзімі, отырыстарды шақыру құқығын бекіту бөлігінде Қоғамның Жарғысына сәйкес келтіру, сондай-ақ Басқарма Төрағасының рөлі мен жауапкершілігі бөлігінде «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің нормалары мен талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қоғам Басқармасы туралы ереженің жаңа редакциясы бекітілді.</p>		
2.3	<p>Қор акционердің (қатысушының) функцияларын іске асыру жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компаниялардың жарғыларында және осы Кодексте айқындалған тәртіппен компанияларды басқаруға қатысады.</p> <p>Қор жыл сайын Директорлар кеңесінің Төрағасына және компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне акционердің алдағы қаржы жылына болжалдарын жібереді.</p> <p>Компанияның директорлар кеңестері компаниялардың жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие.</p> <p>Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы компанияның Директорлар кеңесіндегі қордың өкілдері арқылы жеткізіледі.</p>	<p>Қор Акционердің функцияларын іске асыру жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қорды басқаруға қатысады. Е.Б. Тұтқышев (Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы), Е.Б. Жанәділ (Директорлар кеңесінің мүшесі) Жалғыз Акционердің Қоғамның Директорлар кеңесіндегі өкілдері болып табылады.</p> <p>Жалғыз акционердің 2019-2023 жылдарға болжалдары 2018 жылғы 16 қазандағы №03-6-14-02/6142 хатпен жолданды.</p> <p>Директорлар кеңесі Жарғыда белгіленген өз құзыреті шегінде шешім қабылдауда дербестікке ие.</p> <p>Қордың жеке мәселелер жөніндегі позициясы Жалғыз акционердің Директорлар кеңесіндегі Өкілдері арқылы жеткізіледі.</p>	Қолданылады	
2.4	<p>Қор компаниялармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, компаниялар үшін бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдарды және корпоративтік стандарттарды бекітеді.</p> <p>Ұйымда ішкі аудит саласында Қор бекіткен корпоративтік стандарттарды және ішкі бақылау жүйесін қолдану туралы шешімді Ұйымның Директорлар кеңесі аталған стандарттардың ерекшелікке сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып қабылдайды.</p>	<p>Қор компаниялармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, компаниялар үшін бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдарды және корпоративтік стандарттарды бекіту арқылы функционалдық бағыттар бойынша өтпелі процестерді қалыптастырады.</p>	Қолданылады	
2.5	<p>Қордың және Компаниялардың атқарушы органдары Компаниялардың Директорлар кеңестеріне бекіту үшін жіберілетін Компаниялардың Даму жоспарларының жеткілікті жоғары мақсаттылығын және шынайылығын, сондай-ақ олардың Қордың стратегиясы мен даму жоспарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасауға тиіс.</p>	<p>Қор менеджментінің оларға қол жеткізуі үшін ұзақ мерзімді ҚНҚ (қаржылық және өндірістік) мақсатты параметрлерін ұсынады.</p> <p>Қоғам даму стратегиясын іске асыру мәселелері, соның ішінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау, тәуекелдерді басқару, инвестициялық қызмет, персоналды басқару және т.б. мәселелер жөнінде Қормен ұдайы өзара іс-қимыл жасайды. Сонымен қатар, Қорға басқарушылық және қаржылық есептіліктер, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысы туралы есептер тұрақты түрде ұсынылады.</p>	Қолданылады	
2.6	<p>Таза кірісті акционер ретінде Қордың пайдасына бөлу формальдандырылған және ашық дивидендтік саясаттың негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.</p>	<p>Қор еншілес ұйымдарға қатысты Дивиденттік саясатты (Қор Басқармасының 02.10.2012 ж.№39/12 шешімі) бекітті.</p>	Қолданылады	

2.7	Ұйымдарды басқаруды ұйымдардың органдары ұйымның жарғысында айқындалған құзыреттерге және тәртіпке сәйкес жүзеге асырады. Осы қағидат бірнеше акционері (қатысушылары) бар ұйымдарға да қолданылады.	Басқару органдарының құзыреттері Жарғыда, Директорлар кеңесі, Басқарма туралы ережелерде айқындалды.	Қолданылады	
2.8	Қор, ұйымдар және олардың лауазымды тұлғалары Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуіне және олардың орнықты дамуына, тиісінше қабылдайтын шешімдері және әрекеттері/әрекетсіздігі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады. Қор мен ұйымдар, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚНҚ жүйесі болып табылады. Қор Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы компанияларға ҚНҚ бойынша өз болжалдарын жібереді. Компанияның ҚНҚ тізбесі мен нысаналы мәнін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. ҚНҚ қол жеткізу үшін компаниялар тиісті даму жоспарларын әзірлейді. Жыл сайынғы негізде бекітілген даму жоспарымен салыстырғанда Қор мен ұйымдардың ҚНҚ-ға қол жеткізуін бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау атқарушы органдардың басшысы мен мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлаған кезде назарға алынады, сондай-ақ оларды мерзімінен бұрын атқарып отырған лауазымынан шеттету үшін негіз бола алады.	Қоғам және лауазымды тұлғалар қабылдайтын шешімдері және әрекеттері/әрекетсіздігі үшін ҚР заңнамасына, жарғыға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жауаптылықта болады. Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру Қоғам қызметінің стратегиялық бағытымен айқындалды. Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі ұзақ мерзімді ҚНҚ нысаналы мәндерінде айқындалды – оларға қол жеткізу үшін Қоғам және оның лауазымды тұлғалары жауапты. Жалғыз акционер 2019-2023 жж. арналған ұзақ мерзімді стратегиялық ҚНҚ параметрлерін Қоғамның 2019-2023 жж. арналған Бизнес-жоспарын әзірлеу шеңберінде оларға қол жеткізу үшін ұсынды. Бизнес-жоспардың орындалуына мониторинг ай сайын және тоқсан сайын жүргізіледі. Стратегиялық ҚНҚ жетуді бағалау Бизнес-жоспарды орындау туралы есеп шеңберінде тоқсан сайын жүзеге асырылады. Бұл бағалау Атқарушы органдардың басшысы мен мүшелеріне сыйақы төлеуге әсер етеді деген талап, оларды қайта сайлаған кезде ескеріледі, сондай-ақ оларды атқарып отырған лауазымын мерзімінен бұрын босатуға негіз болуы мүмкін. Бұл Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидаларында бекітілді.	Қолданылады	
2.9	Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі өзінің тобына кіретін барлық заңды тұлғалардағы басқару тиімділігін, ұзақ мерзімді құнның өсімін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Операциялық тиімділікті арттыру, есептіліктің сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, жан-жақты ашықтық және айқындық, тәуекелдердің азаюы, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі холдингтік компанияның тобындағы тиімді басқару нәтижелеріне айналуға тиіс.		Қолдануға болмайды	
3. Тұрақты даму				
3.1	Қор және ұйымдар өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңызын сезінеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Мүдделі тараптармен жауапты, ойландырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қордың және ұйымдардың орнықты дамуына ықпал ететін болады.	Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде мүдделі тараптарға ықпал етеді немесе олардың ықпалын көреді. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу ішкі нормативтік құжаттарда (Жарғы, Ақпаратты ашу туралы ереже, Тұрақты даму саясаты, Стейкхолдерлер картасы және т.б.) реттеледі. 2017 жылы Басқарманың 20.06.2017 жылғы №33/2017 шешімімен Басқарма жанында Тұрақты даму комитеті құрылды. Оның негізгі функциялары Қоғамда тұрақты даму жүйесін енгізу бойынша іс-шараларды қалыптастыру болып табылады. Қоғам ықпал ету мүмкіндігі мен қызығушылық деңгейі көрсетілген мүдделі тараптар тізбесі айқындалған Стейкхолдерлер картасының өзектілігін жыл сайын қарайды. Өзектендірілген Тұрақты даму комитет 27.08.2019 (№01/2019 хаттама) Стейкхолдерлер картасын қарап, Басқарманың 12.09.2019 ж. № 38/2019 шешімімен бекітілді. 2019 ж. қыркүйекте ақпаратты ашу үшін елеулі аспектілер бойынша Қоғамның мүдделі тараптарына сауалнама жүргізілді, оның қорытындысы бойынша Тұрақты даму жөніндегі комитеттің шешімімен мақұлданған (25.09.2019 ж. №02/2019 хаттама) Елеулі аспектілердің материалдылығының матрицасы әзірленді. Сауалнама	Қолданылады	

		нәтижелері есепте ашу үшін маңызды тақырыптарды қалыптастыру кезінде ескерілген.		
3.2	Қор және ұйымдар ұзақ мерзімді кезеңде, оның ішінде акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның артуын да қамтитын тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарын келісуді қамтамасыз етуге тиіс. Қордағы және ұйымдардағы тұрақты даму экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштардан тұрады.	Қоғамның стратегиялық мақсаттары Директорлар кеңесінің 28.08.2019 жылғы №134 шешімімен бекітілген 2018 - 2028 жж. арналған даму стратегиясында көрсетілді. Сапалы және қолжетімді тұрғын үй беру арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру жағдайын жақсарту, сондай-ақ құрылыстың және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жобаларын басқару тиімділігін арттыру Қоғамның негізгі миссиясы болып табылады. Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы №128 шешімімен бекітілген Қоғамның Тұрақты даму саясатында Қоғамның тұрақты даму саласындағы бағыттары үш құрастырушы бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Сондай-ақ Саясат Қордың қоршаған ортаны қорғау және еңбекті қорғау бойынша мақсаттары мен міндеттерін қамтиды. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 8 қарашадағы № 146 шешімімен Қоғамның бекітілген Даму стратегиясына сәйкес келтіру және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі рөлі мен жауапкершілігін бекіту бөлігінде Қоғамның тұрақты даму саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.	Қолданылады	
3.3	Қор және ұйымдар үш аспект бойынша өз қызметіне және тәуекелдерге талдау жүргізуі, сондай-ақ өз қызметі салдарларының Мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе оны төмендетуге тырысуы тиіс.	Қоғам жыл сайын өзінің тұрақты даму саласындағы қызметіне талдау жүргізеді. 2019 жылы осы Есеп ДК 15.04.2019 ж. №141 шешімімен 2018 жылғы Жылдық есеп құрамында бекітілді. Есеп негізгі үш аспект бойынша Қоғамның әсерін талдау нәтижелерін және тұрақты даму жүйесін енгізу жөніндегі жоспарларды қамтиды. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер жыл сайын тәуекелдер тіркеліміне енгізіледі, тәуекелдер факторлары, ықтималдығы, маңыздылығы және оларды азайту жөніндегі іс-шаралар өзектілендіріледі. Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген 2019 және 2020 жылдарға арналған тәуекелдер тіркелімі «тұрақты даму жөніндегі қағидаттарды уақтылы енгізбеу және іс-шараларды орындамау» тәуекелін қамтиды. Тәуекелдер бойынша есеп шеңберінде үш бағыт бойынша тәуекелдерге талдау жүргізіледі: қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қолайсыз әсер етуге қабілетті қауіпті оқиғалардың тәуекелдері тұрақты бағаланады. Сондай-ақ келесі тәуекелдер бағаланды: - экономикалық: жылжымайтын мүлікті және құрылыс объектілерін уақтылы іске қосу тәуекелдері, жылжымайтын мүлікті меншікке қабылдауды кідірту, үй-жайларды Бизнес жоспарда 2019 жылға жоспарланған деңгейден төмен өткізу; - бедел тәуекелдері, атап айтқанда жалға алушылар мен тұрғын үй кешендерінің тұрғындарының өтініштері бойынша және оларды барынша азайту жөнінде тиісті шаралар қабылдау; - экологиялық тәуекелдер: жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға беруді жүзеге асырмау тәуекелі, оның ішінде жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың және мемлекеттік сараптама қорытындысының ұзақ рәсіміне байланысты, оған сәйкес ауданның жоғары сейсмикалығын және тектоникалық сынықтың болуын ескере отырып, топырақтың жоғары ылғалдылығынан топырақтың көтеру қабілетін нығайту бойынша қосымша іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет болды. Қоғамның Комплаенс бақылаушысы заңнаманы бұзу тәуекелдерін төмендету үшін қызметкерлерді оқытуды және тәуекелдердің комплаенс талдауын тұрақты негізде жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Басқармасында мәселелерді қарау кезінде шешімдерді қабылдау және қабылдау тәуекелдерін талдау, әлеуметтік-экономикалық салдарларды,	Қолданылады	

		қаржылық және құқықтық салдарларды бағалау жүзеге асырылады.		
3.4	Ашықтық, есеп берушілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке басының үлгісі тұрақты даму саласындағы қағидаттар болып табылады.	Қоғам БҰҰ Жаһандық шартының негізгі қағидаттарын түсінеді және мойындайды және өз қызметінде оларды ұстайтынын жариялайды. Бұл қағидаттар Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы №128 шешімімен бекітілген Тұрақты даму саясатында айқындалған.	Қолданылады	
3.5	<p>Қорда және ұйымдарда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылуға тиіс, ол мынадай элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:</p> <p>1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділік;</p> <p>2) үш құрауыш (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы ахуалды талдау;</p> <p>3) әлеуметтік, экономика және экология салаларындағы тұрақты даму саласында тәуекелдерді айқындау;</p> <p>4) мүдделі тараптардың картасын жасау;</p> <p>5) тұрақты даму саласындағы мақсаттарды және ҚНҚ айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындау;</p> <p>6) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясына және шешімдер қабылдау процестеріне тұрақты дамуды интеграциялау;</p> <p>7) тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;</p> <p>8) тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жүйелі мониторингі және бағалануы, мақсаттар мен ҚНҚ қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу.</p>	<p>1) Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Басқарма туралы ережеде Қоғамның басқару органдарының тұрақты даму саласындағы құзыреттері бекітілді. Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы №113 шешімімен құзыретіне Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі мәселелер кіретін Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.</p> <p>Басқарма төрағасы Басқарма мүшелері арасында функцияларды бөлу, соның ішінде тұрақты даму бойынша функционалдық міндеттерді бекіту жөнінде бұйрықты бекітті.</p> <p>2) 2017 жылдан бастап үш құрауыш (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ахуалды талдауды қамтитын GRI нұсқаулығына сәйкес тұрақты даму саласында жеке есепті дайындау тәжірибесі енгізілді.</p> <p>3) Тұрақты даму саласындағы тәуекелдер Директорлар кеңесінің 10.12.2018 жылғы №138 шешімімен бекітілген 2019 жылға Тәуекелдер тіркелімінің жобасына енгізілді. Осы тәуекелдердің талдауы тәуекелдер бойынша тиісті есептерде ұсынылған: экономикалық қызметте – ҚНҚ-ге қол жеткізбеу, әлеуметтік - бедел тәуекелдері, экологиялық - геологиялық жағдайларға байланысты объектіні іске қоспау тәуекелі, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қолайсыз әсер ете алатын қауіпті оқиғалар тәуекелдері.</p> <p>4) Қоғамның Стейкхолдерлер картасы Қоғам Басқармасының 12.09.2019 ж. №38/2019 шешімімен бекітілді.</p> <p>5) Тұрақты даму саласындағы мақсаттар Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы №128 шешімімен бекітілген Тұрақты даму саясатында белгіленді. Орнықты даму саласындағы ҚНҚ 2018 жылы Қоғамның Даму стратегиясы шеңберінде бекітілді.</p> <p>Тұрақты даму жөніндегі комитет 25.09.2019 жылы Қоғам қызметіне қолданылатын орнықты даму бастамаларына жүргізілген талдауды қарады, орнықты дамудың 8 бастамасын анықтады және осы салада тиісті 7 ҚНҚ белгіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың іс-шараларын іске асыру дәрежесі; - Таза табыс; - тартылған капиталдың рентабельділігі (ROACE); - Таза активтердің құны (NAV); - Қарыз/капитал; - Сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті органмен расталған өткізілген сатып алу бойынша бұзушылықтар саны; - Әрбір тұрғын үй кешені бойынша қызмет сапасына қанағаттану деңгейі. <p>2019 жылы Директорлар кеңесі басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін жоғарыда аталған ҚНҚ бекітті.</p> <p>Тұрақты даму қағидаттарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 2019-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарда көрсетілген, сондай-ақ жоспарда жауапты құрылымдық бөлімшелер мен іс-шараларға қатысушылар бекітілді.</p> <p>6) Тұрақты дамуды негізгі бизнес-процестерге біріктіруге қойылатын</p>	Ішінара Қолданылады	Жүйе бизнес үдерістерді, нормативтік құжаттарды өзектендіруге, жауапты құрылымдық бөлімшелер мен жетекшілік ететін басшыларды бекітуге байланысты қалыптастыру сатысында.

		<p>талаптар Тұрақты даму саясатына енгізілді. Тұрақты даму қағидаттары негізгі процестерге біріктірілді: тәуекелдерді басқару (тәуекелдер тіркелімі тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді қамтиды), жоспарлау (тұрақты даму саласындағы ҚНҚ), адами ресурстарды басқару (әлеуметтік саясатты іске асыру), инвестициялар (халықты қолжетімді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бағдарламаларды, «жасыл» технологияларды қолдана отырып, жобаларды іске асыру), GRI нұсқаулығына сәйкес тұрақты даму саласындағы есептілік, операциялық қызмет (құрылыс объектілерінде жаңа жұмыс орындарын ашу және т.б.), даму стратегиясы (стратегиялық ҚНҚ).</p> <p>2018 жылдан бастап Қоғамда комплаенс-бақылаушы қызметі құрылып, комплаенс-бақылаушы штат бірлігі енгізілді. Мүдделі тараптардың өтініштері мен шағымдарына мониторинг жүргізілуде.</p> <p>Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу келісім-шартына жеткізушілерді іріктеу процесі шеңберінде Өнім берушілер мен қосалқы мердігерлерді іріктеу үшін қосымша өлшемдер ретінде этикалық қағидаттар мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін сақтау жөніндегі талаптар енгізілді.</p> <p>2019 жылы ЕҚ және ҚТ бойынша рөлі мен жауапкершілігін бекіту бөлігінде Тұрақты даму саясатына өзгерістер енгізілді.</p> <p>2019 жылғы 26 маусымдағы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.</p> <p>Қоғам қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар жалға алушылар қызметкерлерінің де қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізу ұйымдастырылған.</p> <p>Кеңселерде ТЖ кезінде эвакуациялау үшін биіктіктен жеке құтқару құрылғылары орнатылған.</p> <p>Сондай-ақ Қоғам Корпоративтік волонтерлік шеңберінде Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы ұйымдастыратын іс-шараларға қатысады. 2019 жылы Қоғам мынадай іс-шараларға қатысты: 29 сәуір – «Мен – донор» акциясына, 11 мамыр – «Эко Қазақстан. Ағаш отырғыз!», 18 мамыр – «Корпоративтік сынақ» Jas Samuıyq», 21 қыркүйек – «Эко Квест» сенбілігі. Сондай-ақ, Қоғам қызметкерлері «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында өткен Спартакиада-2019 қатысты.</p> <p>7) 2019 ж. қыркүйекте Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «Тұрақты даму» тақырыбында қашықтықтан тренинг өткізілді. Сондай-ақ Қоғам қызметкерлері арасында «Тұрақты даму» тақырыбы бойынша оқыту және тестілеу өткізілді.</p> <p>2019 жылы 12-14 маусымда Стратегия және даму департаментінің менеджері «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінде» «Корпоративтік басқару диагностикасы» семинары аясында тұрақты даму бойынша есептілікті дайындау бойынша оқудан өтті. (Сертификат № 006297).</p> <p>Қоғам қызметкерлері арасында «Документолог» БЖ-да «Тұрақты даму» тақырыбы бойынша оқыту және тестілеу өткізілді, Қоғамның 119 қызметкері ішінде 77 қызметкер, оның ішінде 3 Басқарма мүшесі сәтті тестілеуден өтті.</p> <p>24.09.2019 ж. құрылыс, жобалау, сатып алулар және объектілерді пайдалану департаменттерінің қызметкерлері мен «СҚ Девелопмент» қызметкерлеріне объектілерді салу және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту жүргізілді.</p> <p>2019 жылғы 28-29 қазанда Қоғамның бірқатар қызметкерлері «Такс энд Эдвайзори</p>		
--	--	---	--	--

		КПМГ» ЖШС өткізген «Тұрақты даму және энергия тиімділігі күндері» семинарында оқудан өтті. 8) Тұрақты даму саласындағы іс-шараларға мониторинг жүргізу және бағалау Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын орындау жөніндегі тоқсан сайынғы есептер және Қоғамның жыл сайынғы жылдық есебі шеңберінде жүргізіледі. Бизнес-жоспарды орындау және басшы қызметкерлердің ҚНҚ бағалау бойынша есептер шеңберінде ҚНҚ-ге қол жеткізуді бағалау. Директорлар кеңесінің қарау нәтижелері бойынша тиісті құжаттарға түзетулер, өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.		
3.6	Қор және компаниялар қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, өз қызметінің мүдделі тараптар үшін айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму саласындағы есептілікті жыл сайын жариялайды. Тұрақты даму саласындағы есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді.	GRI басшылығына сәйкес тұрақты даму жөніндегі есеп Директорлар кеңесінің 15.04.2019 ж. № 141 шешімімен 2018 жылға жылдық есеп құрамында бекітілді (сайтқа сілтеме: https://skcn.kz/ru/news/otchety-ob-ustoychivom-razvitiі) және веб-сайтта орналастырылған. Сондай-ақ веб-сайтта «Тұрақты даму» бөлімі бар, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қағидаттарымен толықтырылды: https://skcn.kz/ru/page/obshchaya-informaciya ; https://skcn.kz/ru/page/vzaimodeystvie-s-zainteresovannymi-storonami . Қоғамның интернет-ресурсы тұрақты дамудың негізгі аспектілерінің кіші бөлімдері кіретін «Тұрақты даму» жеке тарауды қамтиды.	Қолданылады	
3.7	Қор және ұйымдар әріптестермен қарым-қатынаста тұрақты даму қағидаттарын қабылдау және сақтау бойынша шаралар қабылдауы тиіс.	1) Қоғам серіктестермен қарым-қатынаста тұрақты даму қағидаттарын сақтауға тырысады. Стейкхолдерлермен қарым-қатынас бойынша талаптар мен қағидаттар Тұрақты даму саясатында бекітілді. 2) Қоғамның Құрылыс салушылармен жасалған шарттарында қаржыны мақсатқа сай емес пайдаланумен, құрылыс жұмыстарын сапасыз орындаумен, анықталған кемшіліктерді жоймаумен, құрылыс салушының лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаумен және т.б. байланысты шартты бұзу жағдайлары көзделген.	Қолданылады	
4. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қатынас				
4.1	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау Қорға және ұйымдарға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Ұйым акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымда бірнеше акционер (қатысушы) болған кезде, олардың әрқайсысына әділ қарым-қатынас қамтамасыз етілуге тиіс.	«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады. Акционердің құқықтарын іске асыру ҚР Заңнамасына, Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.	Қолданылады	
4.2	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары, міндеттері мен құзыреттері қолданыстағы заңнамаға, құрылтай құжаттарға сәйкес белгіленіп бекітіледі. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысуды және өз құзыретінің мәселелері бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің және атқарушы органның) сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындауға қатысуды; айқын және ашық дивидендтік саясаттың негізінде акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.	Акционерлердің құқықтары, міндеттері және құзыреттері Қоғамның Жарғысында бекітілді. Жарғыға және Қоғамның Ақпаратты ашу тәртібіне, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына сәйкес акционер қажетті ақпаратты жылдық есептен, интернет сайттан, ақпараттық материалдардан, брифингтерден, сұрау салу арқылы және т.б. тәсілмен алады. Жалғыз акционердің Қоғаммен әрекеттесуі «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларымен өзара әрекеттесу жөніндегі саясатта регламенттеледі («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №42/19 хаттамасы). Бұдан бұрын «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларымен өзара іс-қимыл жасау саясаты әрекет етті («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 30 мамырдағы №15/17 хаттамасы). Жалғыз акционердің Қоғаммен өзара іс-қимылы Директорлар кеңесі арқылы акционердің функциялары мен құқықтарын іске асыру арқылы, оның ішінде Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы және операциялық қызметке араласпай, қызметтің мақсатты көрсеткіштерін белгілеу арқылы жүзеге асырылады.	Қолданылады	

		<p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Ұйымның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке өзі қабылдайды және шешімдер жазбаша түрде ресімделуге жатады.</p> <p>Тәуелсіз директорларды іріктеу рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеу қағидаларында регламенттеледі. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу «Самұрық-Қазына» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және олардың шығындарын өтеу қағидаларында регламенттеледі.</p> <p>Дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі Компаниялардың таза кірісті бөлуі және дивиденттерді төлеуі Қор еншілес ұйымдарға қатысты бекіткен дивиденттік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.</p>		
4.3	<p>Ұйымдарда миноритарлық акционерлерді (қатысушыларды) қоса алғанда, бірнеше акционер (қатысушы) болған жағдайда, корпоративтік басқару жүйесі барлық акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге және олардың құқықтарын іске асыруға тиіс, бұл ұйымның жарғысында бекітілуге тиіс.</p>		Қолдануға болмайды	
5. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі				
5.1	<p>Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылықты және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерінің енгізілуін қамтамасыз етеді.</p> <p>Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.</p>	Бұл функциялар Қоғамның Жарғысында бекітілді.	Қолданылады	
5.2	<p>Директорлар кеңесіне Ұйымды басқару және Атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілуге тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын жарғыға сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) даму стратегиясын айқындауға (бағыттар және нәтижелер); 2) даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерін қоюға және оларды мониторингтеуге; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және оны қадағалауға; 4) Директорлар кеңесі құзыретінің шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуының мониторингіне; 5) атқарушы органның басшысын және мүшелерін сайлауға, оларға сыйақы беруге, олардың сабақтастығын жоспарлауға және қызметін қадағалауға; 6) корпоративтік басқаруға және этикаға; 7) ұйымда осы Кодекс ережелерінің және Қордың іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) сақталуына ерекше назар аударады. 	Бұл функциялар Қоғамның Жарғысында, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің Ережесінде бекітілді және іс жүзінде орындалады.	Қолданылады	<p>Жалғыз акционердің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 34/18 шешімімен Қоғам Жарғысына портфельдік компаниялардың бірінші басшысын тағайындау бойынша құзыретін Директорлар кеңесінен Жалғыз акционердің құзыретіне беру бөлігінде өзгеріс енгізілді.</p>

5.3	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің міндеттерін тиісінше орындауға және ұйымның ұзақ мерзімді құнын арттыруды және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есеп берушілік акционерлердің жалпы жиналысы тетігі арқылы іске асырылады.	Бұл функция Қоғамның ДК туралы ережесіне «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 20 мамырдағы №17/19 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулыр жобасында бекітілді.	Қолданылады	
5.4	Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде ұйымның мүдделерінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және тұрақты даму қағидаттары ескеріле отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуға тиіс.	Бұл функция Қоғамның ДК туралы ережесіне «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 20 мамырдағы №17/19 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулыр жобасында бекітілді.	Қолданылады	
5.5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке басының сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті санда тәуелсіз директорлар кіруге тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының елу пайызына дейінгі шаманы құрайды.	Бұл талаптар Қоғамның ДК туралы ережесінде бекітілді. Есеп беру кезеңінің соңына Қоғамның ДК құрамы 3 мүшеден тұрған болатын: Директорлар кеңесінің Төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі және тәуелсіз директор. Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесі кемінде үш мүшеден тұрады. Іс жүзінде Директорлар кеңесінің құрамына 3 мүше кіреді.	Қолданылады	
5.6	Акционерлердің жалпы жиналысы үміткерлердің құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдердің негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.	<p>Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидаларында реттелген.</p> <p>«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 27/18 шешімімен 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен 3 (үш) адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы айқындалды: ДК Төрағасы Е.Б. Тұтқышев, ЖА өкілі Е.Б. Жанәділ және тәуелсіз директор Д. В. Ларионов.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің құрамына Е.Б. Туткушевтің бірінші сайланған күні - 2016 жылғы 26 қыркүйек, Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде – 2018 жылғы 23 сәуір.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамына Е.Б. Жанәділдің бірінші сайланған күні - 2018 жылғы 23 сәуір.</p> <p>Тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің құрамына Д.В. Ларионовтың бірінші сайланған күні - 2017 жылғы 8 қараша.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамында Үкімет мүшелері және мемлекеттік қызметшілер жоқ.</p> <p>Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің бүкіл өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.</p>	Ішінара Қолданылады	Қоғамда Аға тәуелсіз директор жоқ. Бұл ретте Акционердің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №27/18 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамы 3 мүше деп белгіленді, оның ішінде ДК 2 мүшесі акционердің өкілдері, ДК 1 мүшесі тәуелсіз директор болып табылады.

		<p>Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық екі мерзім) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.</p> <p>Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндірумен жыл сайын жүргізілуге тиіс.</p> <p>Өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс.</p>		
5.7	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.	Лауазымға кіріспе саясаты Қоғамның ДК 29.08.2012 ж. №65 шешімімен бекітілді. 2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелерін оның құрамына бірінші рет сайлау кезінде ДК жаңадан тағайындалған мүшелері үшін лауазымға кіру бағдарламасы жүргізілді, оның ішінде Қоғамның барлық ішкі құжаттарымен танысу рәсімдері жүргізілді.	Қолданылады	
5.8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық ету үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын, Директорлар кеңесі мүшелері, ірі акционерлер мен атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.	Бұл талаптар Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілді.	Қолданылады	
5.9	Директорлар кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функцияларының аражігі нақты ажыратылуға және ұйымның жарғысында, Директорлар кеңесі және атқарушы орган туралы ережелерде бекітілуге тиіс.	Бұл талаптар Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілді.	Қолданылады	
5.10	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін Директорлар кеңесінің осындай деңгейдегі әрбір мүшесін тарту, ұстау және уәждеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйым үшін күтілетін жағымды әсер назарға алынуға тиіс. Бірнеше акционері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидалары Қор әдіснамасының негізінде әзірленеді және ол акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлерге берілетін сыйақы мөлшері бойынша ұсыныс енгізеді.	<p>Іс жүзінде Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. ЖА жыл сайын тәуелсіз директорлардың тиімділігі туралы ақпаратты жинайды.</p> <p>Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлерге берілетін сыйақы мөлшері бойынша ұсыныс енгізеді.</p> <p>Өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс.</p> <p>Бұл талаптар «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің құрамын құру ережесінде бекітілді.</p>	Қолданылады	
5.11	Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді жан-жақты және мұқият қарауға және аудит, тәуекелдерді басқару, Қордың және ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын тиісінше және тиімді қолдану, Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және сыйақы беру, тұрақты даму, оның	<p>Бұл талаптар Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілді. Директорлар кеңесі жанында мынадай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Аудит жөніндегі комитет; 2) Тағайындау және сыйақы беру жөніндегі комитет; 3) Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет құрылды. <p>Комитеттердің ережелеріне сәйкес:</p>	Ішінара Қолданылады	Директорлар кеңесінің комитеттері Жалғыз акционердің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №27/18 шешімімен ДК құрамын 3 (үш) адамға қысқартуды

	ішінде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау жауапкершілігінен босатпайды.	<ul style="list-style-type: none"> - төрағалар тәуелсіз директорлар болып табылады. - Аудит жөніндегі комитет тәуелсіз директорды (-ларды) қоса алғанда, кемінде екі мүшеден тұруы тиіс. - Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет әдеттегідей, тәуелсіз директорлар қатарынан кемінде үш мүшеден тұруы тиіс. - Тағайындау және сыйақы беру жөніндегі комитет тәуелсіз директорды (-ларды) қоса алғанда, кемінде екі мүшеден тұруы тиіс. 		қабылдағанға дейін әрекет етті. Қазіргі уақытта комитеттер кворум болмағандықтар өткізілмейді.
5.12	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелі болуына ықпал етуге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қолжетімділікке ие болуға тиіс.	<p>Бұл талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілді.</p> <p>Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін үнемі отырыстар өткізеді. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жылдың басына дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстардың саны барынша азайтылған. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесінің және оның комитеттері отырысының екі нысанын да үйлестіруге болады.</p> <p>Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына корпоративтік хатшы талқылау және қабылданған шешімдердің қорытындыларын толық көлемде көрсете отырып, тиісті түрде хаттама жүргізеді.</p> <p>2019 жылы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің 9 отырысы өткізілді, оның ішінде 8 күндізгі және 1 сырттай (№139 - 147 отырыстар). Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 123 мәселе қаралды. Бұдан басқа, 2019 жылы Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының саны жылына бір мәжіліске дейін азайтылды, ол күндізгі отырыстарды жеңілдету мақсатында өткізілді.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне корпоративтік басқару кодексінде белгіленген мерзім ішінде, атап айтқанда, отырысқа дейін 7 күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал аса маңызды мәселелер бойынша отырысқа дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылды.</p>	Қолданылады	
5.13	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Осы процесс Қордың әдіснамасына сәйкес келуге тиіс. Бұл ретте үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.	<p>Қоғамда Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау процесі сақталады.</p> <p>Жалғыз акционердің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №44/17 шешімімен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және ұйымдардың корпоративтік хатшысының қызметін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді. ЖА тапсырмасына сәйкес Ұйымның директорлар кеңестерін, комитеттерін және директорлар кеңесінің мүшелерін бағалау процесі осы Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес болуы тиіс.</p> <p>Осыған байланысты, ДҚ 27.02.2018 ж. №130 шешімімен Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау саясаты бекітілді.</p> <p>Осы Саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі кеңесшіні тарта отырып, сауалнама жүргізу және сұхбат жүргізу жолымен немесе келесі аралас тәсілді пайдалана отырып: кеңесші тарапынан процесті үйлестіру кезінде өз күшімен бағалауды жүргізе алады.</p>	Қолданылады	

		Жалғыз акционер өз бағасын дербес немесе кеңесшіні тарта отырып жүргізе алады. Тәуелсіз бағалау үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Бұл ретте, егер есепті кезеңде Қоғамда тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілген жағдайда, процестердің қайталануына жол бермеу мақсатында, осындай есепті кезеңде жеке бағалау жүргізу қажеттілігі жоқ. 2020 жылы Жалғыз акционер Қоғамның директорлар кеңесінің 2019 жылғы тәуелсіз бағасын қамтитын тәуелсіз кеңесшілердің Қоғамда корпоративтік басқарудың диагностикасын жүргізуін жоспарлап отыр.		
5.14	Бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрқайсысының ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына үлесін айқындауға, сондай-ақ бағыттарын анықтауға және жақсартуға арналған шараларды ұсынуға мүмкіндік беруге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде бағалау нәтижелері назарға алынады.	Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде бағалау нәтижелері назарға алынады деген ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің, және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау саясатында бекітілді.	Қолданылады	
5.15	Директорлар кеңесінің қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды.	Бұл талаптар Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Корпоративтік хатшы туралы ережеде бекітілген. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және компанияның атқарушы органына тәуелді емес. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақытылы және сапалы қабылдауда көмек көрсетуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекстің ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші ретіндегі рөлін атқаруды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуына мониторингті және Қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындыуды жүзеге асырады. Есеп Қордың жалдық есебі құрамына енгізіледі.	Қолданылады	
5.16	Компанияларда алқалы атқарушы орган құрылады, қалған ұйымдарда, сондай-ақ компания - бірлескен кәсіпорын құрылған жағдайда, акционерлердің (қатысушылардың) қалауы бойынша ол алқалы немесе жеке-дара болуы мүмкін. Атқарушы органның басшысы және мүшелері жоғары кәсіби және жеке басы сипаттамаларына ие болуға, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделді иеленуге және жоғары этикалық стандарттарды ұстануға тиіс.	1) Қоғам Жарғысының 39-тармағына сәйкес ағымдағы қызметке басқаруды Қоғамның атқарушы органы - Басқарма жүзеге асырады. 2) Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144 шешімімен Қоғам Басқармасы туралы ереже, оның ішінде Қоғамның Басқарма мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарын арттыру бөлігінде өзектілендірілді.	Қолданылады	
5.17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, стратегияның, даму жоспарының және Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.	Бұл талаптар Қоғамның Жарғысында бекітілді.	Қолданылады	
5.18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысын мен мүшелерін сайлайды, өкілеттілік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды. Атқарушы органның құрамына үміткерлерді іздестіру және таңдау, олардың сыйақысын белгілеу процесінде негізгі рөлді ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті атқарады.	Басқарма Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесі Басқармасының құрамын сайлауы бойынша талаптар Қоғамның Жарғысында бекітілді. Директорлар кеңесі өкілеттік мерзімін, еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды. Қоғам Басқармасының 08.02.2019 ж. № 06/2019 шешімімен Корпоративтік стандартқа сәйкес Қоғамның әкімшілік-басқару персоналын іздестіру және іріктеу қағидаларына (2018 жылғы 27 қарашадағы № 36/18 өзгерістерімен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 44/17 хаттамасы) құрамына компания қызметкерлері кіретін CEO шешімімен бекітілген портфельдік компаниялардың алқалы органы және келісім бойынша акционерлердің өкілдері сарапшылар ретінде енгізілуі мүмкін CEO-1 лауазымына кандидаттарды іздестіру және іріктеу тәртібін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізілді.	Ішінара Қолданылады	Жалғыз акционердің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 34/18 шешімімен портфельдік компаниялардың бірінші басшысын тағайындау бойынша құзыретін директорлар кеңесінен Жалғыз акционердің құзыретіне беру бөлігінде Қоғам Жарғысына өзгеріс

		Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасын қоспағанда, атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Ұйымның атқарушы органының мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Атқарушы орган мүшелерінің өкілеттілік мерзімі жалпы атқарушы органның өкілеттілік мерзіміне сәйкес келеді.		енгізілді. Қоғамда 2019 жылға арналған Атқарушы орган үшін сабақтастық жоспары өзектіленбеген. Бұл ретте 2019 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылы Сабақтастық жоспарын қалыптастыру жоспарланып отырған атқарушы орган лауазымдарының жаңа тізбесі бекітілді.
5.19	Компанияның бірінші басшысы лауазымына үміткер компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның Әкімшілігімен келісіледі.		Қолдануға болмайды	
5.20	Атқарушы органның басшысын және мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемі қойылған ҚНҚ кол жеткізу болып табылады.	Бұл талап Қоғамның Жарғысында бекітілді. Қоғамның Басқарма басшысының және мүшелерінің уәжделген ҚНҚ Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидаларына сәйкес жоспарланған кезеңге, бірақ есептілік жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей, Бизнес жоспарымен бірге ДК бекітуіне шығарылуы мүмкін.	Ішінара Қолданылады	Қоғам басшылығының 2019 жылға арналған ҚНҚ карталары ДК 2019 жылғы 31 шілдедегі № 143 шешімімен бекітілді. ҚБ жетілдіру жөніндегі жоспар шеңберінде қаржы жылы басталғанға дейін ҚНҚ бекітуді қамтамасыз ету қажет.
5.21	Атқарушы орган мүшелері тарапынан Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары туралы атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге тиіс. Атқарушы органның Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзуға жол берген мүшесі басқа кез келген ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.	Мінез-құлық кодексіне сәйкес (ДК 10.12.2018 ж. №138 шешімі), бұдан бұрын Іскерлік әдеп кодексімен (ДК 21.04.2010 ж. №26 шешімі, 11.04.2011 ж. №44, 15.04.2014 ж. №81 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) қызметкерлер Басқарма тарапынан болған бұзушылықтар туралы Комплаенс-бақылаушыға, Омбудсменге және Директорлар кеңесіне хабарлауы тиіс.	Қолданылады	
5.22	Корпоративтік қатығыстар туындаған жағдайда, қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздестіреді. Корпоративтік қатығыстарды Корпоративтік хатшының жәрдемдесуімен Ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік жанжалға тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.	Бұл ереже «Самұрық-Қазына» АҚ 2019 жылғы 20 мамырдағы №17/19 шешімімен бекітілген Қоғамның ДК туралы ережеге өзгерістермен толықтырулармен бекітілді.	Қолданылады	
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит				
6.1	Қорда және ұйымдарда Қордың және ұйымдардың өздерінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына кол жеткізуге ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен әрекеттердің, Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы құратын басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіретін	Қоғамда шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі - ТБКЖ) Қоғамның барлық деңгейлерінде енгізу жолымен жүзеге асырылады. Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қордың мынадай органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, Басқарманы, Тәуекелдерді басқару комитетін, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, Ішкі аудит қызметін,	Ішінара Қолданылады	Ішкі аудит қызметі 2019 жылғы қорытындылары бойынша ТБКЖ бағалауды жүргізді, (2018 жылғы 63,57%) құрады. 2019 жылдан бастап ТБКЖ

	<p>тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін мыналарды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйым құнының, кірістілігінің артуы мен олармен бірге жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерімді; - қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; - активтердің сақталуын және компания ресурстарын тиімді пайдалануды; - қаржылық және басқару есептілігінің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын; - Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттар талаптарының сақталуын; - алаяқтықтың алдын алу мен негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды және қызмет нәтижелерін талдауды қамтамасыз ету үшін тиісті ішкі бақылауды қамтамасыз етуге арналған жүйесі құрылуға тиіс. 	<p>Комплаенс-бақылаушыны, өзге де құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейде көрсетілді.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және ішкі бақылауды ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын, компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың үздік тәжірибесіне берілгендігін көрсететін құжаттарды бекітті.</p> <p>2019 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру шеңберінде «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына, Трэдвэй комиссиясы демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO) ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік тәжірибелерге сәйкес әзірленген Жалғыз акционердің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі жаңа саясатын ескере отырып, Қоғамның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты өзектілендірілді (04.11.2019 ж. ДК хаттамасы).</p> <p>Қоғам оның ЕҰ-да тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу процесіне жетекшілік етеді, әдіснамалық, консультациялық қолдау көрсетеді.</p> <p>Қоғамның Тәуекелдерін басқару саясатына сәйкес ІАҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жыл сайын жүргізеді. ІАҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізеді. Бұдан басқа үш жылда бір рет ТБКЖ тиімділігін бағалауды тәуелсіз компания жүргізеді.</p>		<p>бағалау үшін «Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесі, «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит» бөлімі пайдаланылады, оған сәйкес рейтинг әріптік түрде беріледі.</p> <p>Осы бағалау шеңберінде сәйкессіздіктер анықталып, тиісті ұсыныстар берілді. ТБКЖ және ІБЖ бағалау туралы есеп 2020 жылғы 20 ақпандағы ДК отырысында тыңдалды.</p> <p>2019 жылғы ТБКЖ бағалау есебіне сәйкес еншілес ұйымда, оның ішінде тәуекелдерді бағалау процесіне еншілес ұйымның қатысуының болмауы тәуекелдерді басқару бойынша функция бөлігінде айқындалмаған.</p>
6.2	<p>Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі осы жүйенің міндеттерін негізге ала отырып және Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы озық жұмыс практикасы мен әдіснамасын ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін белгілеуге тиіс.</p>	<p>Қоғамның Директорлар кеңесі компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың озық практикасын ұстанатынын көрсететін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйелерін ұйымдастыруға қағидаттар мен тәсілдерін айқындайтын келесі құжаттарды бекітті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты ДК 04.11.2019 ж. №145 шешімімен өзектендірілді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесінің, сондай-ақ ішкі бақылаудың негізгі рәсімдерін қамтиды, сондай-ақ ДК осы шешімімен ДК шешімімен 20.05.2015 жылғы № 92 шешімімен бекітілген Қоғамның Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларының, 24.08.2017 жылғы №124 ДК шешімімен бекітілген Қоғамның ішкі бақылау жүйесі туралы ереженің күші жойылды деп танылды. -Директорлар кеңесінің 25.12.2019 ж. №147 шешімімен бекітілген Тәуекелдер мен бақылау матрицасы өзектендірілді; - ДК 25.12.2019 ж. №147 шешімімен тәуекелдер мен бизнес-процестерді Қоғамның бақылау функцияларымен жабуды көрсететін, сондай-ақ әр түрлі деңгейлерде бақылау функциясын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің жұмысын неғұрлым тиімді үйлестіруге мүмкіндік беретін Кепілдіктер картасы бекітілді. ДК 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138 шешімімен Тәуекелдер тізілімі мен картасы, жалпы тәуекел-тәбет, негізгі тәуекелдер бойынша қауіп-қатерге төзімділік 		<p>Директорлар кеңесінің 09.11.2017 жылғы шешімімен Қоғамның 2017-2028 жылға арналған жаңа Даму стратегиясының бекітілуіне байланысты Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы шешімімен 2018 жылға арналған Тәуекелдер тіркелімі пысықтауға жіберілді. 2018 жылға арналған Тәуекелдер тіркелімі 2018 жылғы 17 сәуірде бекітілді. Бұл ретте ДК ұйымдық құрылымның өзгеруіне және 2018 жылғы Даму стратегиясының өзектілендіруіне</p>

		<p>деңгейлері және Қоғамның 2019 жылға негізгі тәуекел көрсеткіштері бекітілді.</p> <p>Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесі бойынша тұрақты түрде талқылау жүргізеді, негізгі шешімдерді қабылдау бойынша жалпы тәуекел-бағытталған тәсілді белгілейді.</p>		<p>байланысты тіркелімді және тәуекелдер картасын өзектендіру бойынша тапсырмалар берілді. Даму стратегиясы 28.08.2018 жылы бекітілді. Алайда 2018 жылдың қыркүйегінде 2019 жылға тәуекелдер тіркелімін және тәуекелдер картасын әзірлеуге және бекітуге жоспарланғанына байланысты, 2018 жылға арналған тәуекелдер тіркелімін түзетудің өзектілігі мәселесі қайта қаралды.</p>
6.3	<p>Қордың және ұйымдардың атқарушы органдары тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және қолдауды қамтамасыз етуге тиіс. Тәуекелдерді басқару процесі ұйым қызметін жоспарлау (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және оның нәтижелерін бағалау (басқару есептілігі) процестерімен біріктірілуге тиіс.</p>	<p>Тәуекелдерді басқару саясатында органдар мен бөлімшелердің функциялары белгіленді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару процестері жоспарлау процестерімен (даму стратегиясы мен жоспарлары, жылдық бюджет) біріктірілген. Қоғам қызметінің мақсаттары стратегиялық деңгейде айқындалады және операциялық мақсаттарды әзірлеу үшін негізді қалайды. Стратегиялық жоспарларды әзірлеу процесі, оның ішінде қойылған стратегиялық мақсаттарға жетуге ықпал ете алатын тәуекелдерді анықтауды және талдауды көздейді.</p> <p>2020 жылға тәуекелдер тіркелімі Қоғамның Директорлар кеңесінің 04.11.2019 жылғы №145 шешімімен бекітілген Қоғамның Даму стратегиясының негізгі бағыттарын ескереді.</p> <p>Қоғам жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау негізінде тәуекелдер тіркелімі мен картасы жасалады. Бұл ретте, тәуекелдер тіркелімі мен картасы жаңа тәуекелдерді сәйкестендіру немесе қолданыстағы тәуекелдер мәртебесін өзгерту кезінде, оның ішінде ішкі және сыртқы нарықтың өзгеруі салдарынан, қоғамның құрылымдық бөлімшелері ұсынатын тәуекелдер туралы ақпараттың түсуіне қарай жыл ішінде қайта қаралуы немесе толықтырылуы мүмкін. Осылайша, 2019 жыл ішінде тәуекелдер тіркелімі мен картасы, сондай-ақ басты тәуекел көрсеткіштері, Директорлар кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, сәйкестендірілген тәуекелдердің өзгеруіне, негізгі тәуекелдерді бағалауға байланысты тәуекелдер бойынша тоқсандық есептерді қарастырумен, сондай-ақ тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды өзектілендірумен (17.05.2019 ж. №142, 16.09.2019 ж. №144 ДК шешімі) бірге кезең-кезеңмен қайта қаралды.</p> <p>«Көлденен» коммуникацияны қамтамасыз ету және ТБКЖ тиімді ендіру үшін консультативтік - кеңесші орган болып табылатын, тәуекелдерді басқару бөлігінде ұсыныстар әзірлейтін Қор Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті жұмыс істейді.</p> <p>Тәуекелдер туралы ақпарат Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есеп шеңберінде және тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есеп пен негізгі тәуекел көрсеткіштерінің</p>	<p>Ішінара Қолданылады</p>	<p>ТБКЖ жүргізілген бағалау барысында ІАҚ инвестициялық жоспарларды жоспарлау және айқындау кезінде тәуекелдік-бағдарлы тәсілді пайдалану кезінде көз жеткізе алмады.</p>

		мониторингі бойынша ай сайынғы есеп шеңберінде беріледі. Сондай-ақ қажеттілігіне қарай елеулі тәуекелдер іске асырылған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелерін дереу хабардар ету жүзеге асырылады.		
6.4	Қордың және ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы орган жүргізетін, барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту жөніндегі уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделуге тиіс.	Қоғамның қызметі ішкі ортаны құруға бағытталған, ол қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін арттырады және олардың тәуекелдерді басқару жауапкершілігін арттырады. Қоғамның ұйымдық құрылымы өзгергеннен кейін, Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді өзектендіру кезінде құрылымдық бөлімшелердің функциялары бизнес-үдерістер шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясымен толықтырылды.	Қолданылады	2019 жылғы ТБКЖ бағалау есебіне сәйкес Атқарушы орган тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің қолдауын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді, тәуекелдер тіркеліміндегі іс-шаралар толық көлемде орындалмайды және тәуекел дәрежесін азайтуға және аса қауіпті аймаққа қоныс аударуға мүмкіндік бермейді. Қоғамда құрылымдық бөлімшелер басшыларының және тәуекелдерді басқару процесіне тәуекел иелерінің рөлі мен жауапкершілігі белгіленген. Бұл ретте іс жүзінде барлық рөлдер мен міндеттер толық көлемде орындалмайды. Сондай-ақ тәуекел-үйлестірушілердің рөлдері мен міндеттерін айқын түсінгені расталмайды. Жөнсіз мінез-құлық жағдайында санкцияларды қолдану бойынша жолға қойылған процесс жоқ.
6.5	Қорда және ұйымдарда бақылау рәсімдерін төмендегідей үш негізгі сала бойынша әзірлеу, бекіту, нысандандыру және құжаттандыру жүзеге асырылуға тиіс: операциялық қызмет, қаржылық есептілік дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.	Қоғамда операциялық қызмет, жеке құрылымдық бөлімшелер шеңберінде бизнес процестері картасы бар. Сол карталардың шеңберінде негізгі бизнес процестері және операциялық процестер бойынша бақылау нүктелері көрсетілген. Қаржылық есептілік бөлігінде шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың корпоративтік регламенті және бухгалтерлік есеп басқармасы қызметінің регламенті бар. ҚР Заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау бөлігінде Қоғамның жұмыс тәртібі бар, онда Қоғам жұмысының барлық негізгі бизнес процестері жазылған. 2019 жылы Қоғам ұйымдық құрылымға өзгеріс енгізді, бизнес-процестерді және бизнес-процестерге байланысты ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруді жүргізді.	Ішінара Қолданылады	Операциялық қызметте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қолдау және тиімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілмейді, тәуекелдер тіркеліміндегі іс-шаралар толық көлемде орындалмайды және тәуекел дәрежесін азайтуға және аса қауіпті аймаққа қоныс аударуға мүмкіндік бермейді.
6.6.	Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Қоғамда Жалғыз акционердің үлгілік құжаттарына сәйкес ашық қағидаттар мен	Ішінара	2019 жылы ТБЖ-ны

	саласындағы ашық қағидаттар және тәсілдер, қызметкерлерді және лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту практикасы, сондай-ақ сәйкестендіру, құжаттандыру және қажетті ақпаратты лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу процестері енгізілуге тиіс.	тәсілдер негізінде тәуекелдерді басқару саласын реттейтін ішкі құжаттар бекітілді. Қоғамда іске асырылған тәуекелдерді есепке алу бойынша процесс автоматтандырылды. Тәуекелдер мәдениетін қолдау және арттыру үшін жаңадан келген қызметкерлерді және Қоғамның барлық қызметкерлерін қолданыстағы ТБКЖ-мен кезеңді таныстыру (кемінде жыл сайын негізде) үшін оқыту жүргізіледі. Жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін материалдар Қоғамның барлық қызметкерлерімен бірге танысуға жіберіледі. 2019 жылдың 4 тоқсанында Тәуекелдерді басқару қызметі Қоғам қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаларын білуіне тестілеу жүргізді. Сондай-ақ 2019 жылдың соңында Тәуекелдерді басқару қызметі тәуекел-үйлестірушілерге оқыту жүргізді. 18.07.2019 ж. құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін «Тәуекел-менеджмент» тақырыбында ЕУ Академиясынан тренерді шақырумен оқыту семинары ұйымдастырылды.	Қолданылады	бағалау барысында ІАҚ сәйкессіздіктерді, оның ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында орын алған оқиғалар туралы нелеріне уақтылы хабарламау бөлігінде анықтады; тәуекелдерді басқару процестері мониторингінің автоматтандырылған құралдары жоқ; алынған сабақтар бойынша ақпараттық сессиялар өткізілген жоқ.
6.7	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі Директорлар кеңесі айқындаған қағидаттарға және оны ұйымдастыру тәсілдеріне сәйкес келетініне және оның тиімді жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдау қажет. Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырысына кемінде тоқсанына бір рет шығарылуға және тиісті түрде толық көлемде талқылануға тиіс.	Қоғамда Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) (ДК 22.11.2012 ж. №68 хаттамасы), сондай-ақ Ішкі бақылау жүйесін бағалау әдістемесі (ДК 22.11.2012. ж. №68 хаттамасы) қолданылады. Ішкі бақылау жүйесін бағалау әдістемесі ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі тәсілдерін белгілейді. Бұл бағалау оның: 1) Бақылау ортасы; 2) Тәуекелдерді бағалау; 3) Бақылау рәсімдері; 4) Ақпарат және оны беру; 5) Мониторинг сияқты әрбір бес компонент бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне ықпал ететін факторларды талдауды және бағалауды қамтиды. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалауға негізгі тәсілдерді белгілейді. Бұл бағалау оның: 1) тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру; 2) тәуекелдерді анықтау; 3) тәуекелдерді бағалау; 4) тәуекелдерді басқару; 5) мониторинг сияқты әрбір бес компоненті бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне ықпал ететін факторларды талдауды және бағалауды қамтиды. 2019 жылы Директорлар кеңесі алдында тәуекелдер бойынша есептілік практикасы жолға қойылды. 2019 жыл ішінде Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі есептері Директорлар кеңесінің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің отырыстарында тұрақты негізде қаралды (2019 жылдың 1 тоқсанына ДК 17.05.2019 жылғы № 142; 2019 жылдың 2 тоқсанына 16.09.2019 жылғы № 144; 2019 жылдың 3 тоқсанына 25.12.2019 жылғы № 147 шешімімен бекітілген). Тәуекелдер бойынша есептің мазмұны Қоғамның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты шеңберіндегі тәуекелдер бойынша есептердің мазмұнына қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келеді.	Ішінара Қолданылады	2012 жылы бекітілген КСУР мен ІБЖ бағалау есептеріне сәйкес, қазіргі уақытта КСУР мен ІБЖ бағалау әдістемесі өзекті емес. ТБКЖ бағалау «Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесі», «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит» бөлімі бойынша жүзеге асырылды. 2019 жылғы ІАҚ-ны бағалау әлемдік аудит, аудиторлық тексерулердің ұзақ мерзімді жоспары және 2019 жылы жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері негізінде Жалғыз акционердің ұсынымы бойынша жүзеге асырылды.
6.8	Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару тәжірибесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуға тиіс.	Бұл талап Қоғамның Жарғысында, ІАҚ туралы ережесінде бекітілді. ІАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (ДК 14.09.2009 ж. №9 хаттамасы) құрылды. Директорлар кеңесінің 17.05.2019 жылғы шешімімен Ішкі аудит қызметінің өкілеттігі 3 жылға ұзартылды.	Қолданылады	
6.9	Қордағы және ұйымдардағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше - ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылуға тиіс (жауапкершілігі шектеулі	Компанияның ДК ІАҚ жұмыс тәртібін, міндеттерін, функцияларын, құқықтарын, біліктілік талаптарын мен міндеттерін, сондай-ақ ІАҚ Компания Басқармасымен өзара	Қолданылады	

	серіктестіктер нысанындағы ұйымдарда ішкі аудит функциялары Қадағалау кеңесіне функционалды түрде есеп беретін ревизиялық комиссияға/ревизорға жүктелуге тиіс; бұл ретте ревизиялық комиссияның/ревизордың мақсаттары, функциялары және міндеттері, оның Ұйым органдарымен өзара іс-қимыл жасауы тәртібі осы Кодексте ішкі аудит қызметіне қатысты жазылған қағидаттар ескеріле отырып белгіленуге тиіс). ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері және жауапкершілігі, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсіпқойлығына қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ереже) анықталуға тиіс. ІАҚ туралы ереже Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптарын ескере отырып әзірленуге және бекітілуге тиіс.	әрекеттесуін бекітетін ІАҚ туралы ережені бекітті (31.07.2019 жылғы №143 өзгерістерімен ДК 17.05.2018 ж. №132 хаттамасы). ІАҚ функционалды түрде Компанияның ДК есеп бағынысты. ІАҚ қызметіне ІАҚ есептерін және қызметтің басқа да мәселелерін алдын ала мақұлдап, Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі - АК) жетекшілік етеді (29.08.2012 жылы енгізілген толықтырулармен ДК 29.12.2011 ж. №57 хаттамасы, 30.12.2015 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен ДК №65 хаттамасы, 03.11.2016 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен ДК №96 хаттамасы, 29.12.2016 жылы енгізілген толықтырумен ДК №111 хаттамасы, ДК №114 хаттамасы), ДК одан кейін есептерді қарайды және бекітеді. Функционалды ІАҚ Компанияның ДК-ға бағынысты.		
6.10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ ұйымдық тұрғыдан Директорлар кеңесіне бағынуға және функционалды есеп беруге тиіс. Директорлар кеңесі ІАҚ жоспарлары мен қызмет стратегиясын, ІАҚ бюджетін бекіту бойынша шешім қабылдайды, оның сандық құрамын, ІАҚ қызметкерлері еңбекақысының және сыйақысының мөлшері мен төлеу шарттарын айқындайды.	ІАҚ туралы ережеге сәйкес ІАҚ ДК-ға тікелей бағынады, Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған қызмет туралы есепті Директорлар кеңесіне ұсынады. Компанияның ДК ІАҚ жұмыс жоспарын бекітеді, бұл мәлімдеме формальды сипатта емес. Компанияның ДК ІАҚ басшысын және қызметкерлерін тағайындауды бекітеді, сондай-ақ ІАҚ құрылымын және басшының және қызметкерлердің сыйақы мөлшерін бекітеді (ІАҚ және оның басшысының тоқсан сайынғы ҚНҚ орындалуын қарау шеңберінде). ІАҚ бюджеті кейіннен Компанияның ДК отырысында бекітумен Аудит жөніндегі комитеттің отырысында қаралады. ДК ІАҚ қызметкерлерінің сандық құрамын, еңбекақы және сыйақы мөлшерін және төлеу шарттарын белгілейді. ІАҚ 2019-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары ДК отырысында бекітілді (ДК 31.07.2019 ж. №143 хаттамасы), лның шеңберінде 2020-2022 жылдарға аудиторлық тексерулердің ұзақ мерзімді жоспары бекітілді. Жыл сайын Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарында ДК немесе КА ІАҚ басшысымен жабық кездесулер жоспарланды. 2019 жылғы 16 қыркүйектегі №144 директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне сәйкес Ішкі аудит қызметінің Директорлар кеңесі мүшелерімен жабық кездесуі өтті.	Қолданылады	
6.11	Ұйымдардағы ІАҚ басшысы Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеуге және оларды Аудит жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің қарауын және бекітуін қамтамасыз етуге тиіс.	Қоғамның ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттарды ІАҚ Басшысы Қордың корпоративтік стандарттарына сәйкес әзірлейді және Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесі бекітеді. Осылайша келесі: 1) жаңа редакциядағы ІАҚ туралы ереже (31.07.2019 ж. №143 өзгерістерімен ДК 17.05.2018 жылғы №132 хаттамасы), 2) Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыру қағидалары (ДК 17.05.2019 ж. №142 хаттамасы); 3) Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі (ДК 24.09.2012 ж. №66 хаттамасы) бекітілді.	Қолданылады	2012 жылы бекітілген КСУР мен ІБЖ бағалау есептеріне сәйкес, қазіргі уақытта КСУР мен ІБЖ бағалау әдістемесі өзекті емес. ТБКЖ бағалау «Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесі», «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит" бөлімі бойынша

				жүзеге асырылды. 2019 жылғы ІАҚ-ны бағалау әлемдік аудит, аудиторлық тексерулердің ұзақ мерзімді жоспары және 2019 жылы жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері негізінде Жалғыз акционердің ұсынымы бойынша жүзеге асырылды.
6.12	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері және негізгі анықтаулар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.	Жылдық аудиторлық жоспарды жоспарлаған кезде ІАҚ Қоғамның тәуекелдер картасын, ДК мүшелерінің ұсыныстарын, Қоғам Басшылығының түсініктерін ескереді, сондай-ақ тәуекелдерге өзі талдау жасайды. ІАҚ тоқсан сайын жүргізілген аудиттер бойынша есептерді Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.	Қолданылады	
6.13	ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын, корпоративтік стандарттарды және корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы Қордың ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізуге тиіс.	2018 жылы корпоративтік басқаруды бағалауды "PricewaterhouseCoopers" ЖШС тәуелсіз компаниясы жүргізді, оның қорытындысы бойынша Қоғамға «Орташа» жетілу деңгейіне сәйкес келетін «В» рейтингі берілді. 2018-2019 жылдары Ішкі аудит қызметі ІБҚ мен ТБКЖ бағалауды жүргізді.	Қолданылады	
6.14	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сырттай бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік беру және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлеуге және қолдауға тиіс.	ІБҚ тәуелсіз сырттай бағалауды 2016 жылы сырттай кеңес беруші «Достық Эдвайзори» ЖШС жүргізді. ІАҚ, оның басшысы, қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін тоқсан сайын қарау негізінде жүзеге асырады. Одан кейін ІАҚ, оның басшысының «Компанияның Директорлар кеңесі тарапынан ІАҚ тоқсандық және жылдық есептері бойынша қанағаттану деңгейі» тоқсан сайынғы ҚНҚ қол жеткізуі бағасы қойылады. 2019 жыл ішінде Ішкі аудит қызметінің басшысы 2019 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен ішкі аудит қызметінің сапасының кепілдігі және оны арттыру бағдарламасы жаңартылды.	Қолданылады	
7. Ашықтық				
7.1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор және ұйымдар қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік құрылымын және басқаруды қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және сенімді ашады.	Қоғам туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 08.11.2019 ж. №146 өзгерістерімен және толықтыруларымен 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу саясатына және Қоғам Басқармасының 12.09.2019 ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.	Ішінара Қолданылады	2018 жылғы Жылдық есеп ДК 15.04.2019 ж. №141 шешімімен бекітілді. Бұл ретте, Жалғыз Акционердің 2019 жылғы 24 маусымдағы шешімімен 2018 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жылдық

				аудиттелген есептілігін бекітуіне байланысты, Қоғамның 2018 жылғы жылдық есебі Қоғамның интернет-ресурсында 2019 жылғы маусымда, яғни Кодекспен талап етілген мерзімнен кейін жарияланды.
7.2	Қор және ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты уақтылы ашады. Қорда және ұйымдарда ақпаратты ашуға және қорғауға арналған қағидаттар мен тәсілдерді айқындайтын ішкі құжаттар, сондай-ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттың тізбесі бекітілуге тиіс. Қор және ұйымдар ақпаратты қолжетімділік санатына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығын иеленетін тұлғалар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғау бойынша шаралар қабылдайды.	Қоғам туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 08.11.2019 ж. №146 өзгерістерімен және толықтыруларымен 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу саясатына және Қоғам Басқармасының 12.09.2019 ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.	Қолданылады	
7.3	Қор, компания және акциялары немесе облигациялары қор биржасында саудаланатын ұйымдар Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі - ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ ҚЕХС сәйкес дайындалған, есепті кезеңнің бірінші тоқсаны үшін, жартыжылдығы үшін және алғашқы тоғыз айы үшін қаржылық есептілігін өзінің интернет-ресурсына уақтылы орналастыруға тиіс. Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарынан басқа Қордың, компаниялардың және акциялары немесе облигациялары қор биржасында саудаланатын ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашу ұсынылады.	Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген мерзімге сәйкес Қоғам тоқсан сайынғы негізде есептілік кезең аяқталған сәттен бастап 60 күн ішінде интернет-ресурста шоғырландырылған қаржылық есептілікті орналастырады. Жылдық аудиттелген қаржылық есептілік есептілік кезең аяқталған сәттен бастап 120 күн ішінде орналастырылуы тиіс. Бұдан басқа қаржылық есептілік Жалғыз акционер жылдық қаржылық есептілікті бекіткені туралы шешімнен үзінді көшірме алынғаннан кейін интернет-ресурста орналастырылады.	Қолданылады	2019 жылдың қорытындысы бойынша Жылдық аудиттелген қаржылық есептілік, Жалғыз Акционер оны 2019 жылғы 24 маусымда бекіткеніне байланысты, Қоғамның интернет-ресурсында 2019 жылғы маусымда орналастырылды.
7.4	Қор және ұйымдар тараптық тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ҚЕХС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір беретін тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізуге тиіс. Егер жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделсе, жылдық аудит бөлігіндегі нормалар қолданылады.	Қоғам тәуелсіз және білікті аудиторды (Е&Ү) тарту жолымен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді. 13.06.2019 жылы №ЕКУ-2019-00098 (қызмет көрсету мерзімі - 1 жыл) Шартқа қол қойылды. Сыртқы аудиторды таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 27.12.2016 ж. №46/16 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншікті немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібіне сәйкес ашық конкурс негізінде жүзеге асырылады. ДК төрағасы және тәуелсіз директор конкурстық комиссия құрамына кіреді. Сыртқы аудитор жөніндегі ақпарат веб-сайтта, сондай-ақ Жылдық есепте көрсетіледі.	Қолданылады	
7.5	Қор, Компаниялар және акциялары қор биржасында саудаланатын Ұйымдар жылдық есепті осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың озық практикасына сәйкес дайындауға тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.	Қоғам жыл сайынғы негізде мүдделі тұлғалардың кең шеңбері үшін жылдық есепті дайындайды. Қоғамның жылдық есебі Қоғамның Басқарма төрағасы бекіткен Жоспар-кестеге сәйкес жасалады, Басқарма төрағасы құрылымдық бөлімшелердің жылдық есепке ақпаратты дайындау мерзімін, тәртібін және жауапкершілігін, оны келісу және бекіту рәсімін айқындайды. Қоғамның Жарғысына сәйкес Жылдық есеп Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. 2018 жылғы Жылдық есеп ДК 15.04.2019 ж. №141 шешімімен бекітілді және Қоғамның веб-сайтында жарияланды.	Ішінара Қолданылады	Жалғыз Акционердің 2019 жылғы 24 маусымдағы шешімімен 2018 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жылдық аудиттелген есептілігін бекітуіне байланысты, Қоғамның 2018 жылғы

		Жылдық есеп мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.		жылдық есебі Қоғамның интернет-ресурсында 2019 жылғы маусымда, яғни Кодекспен талап етілген мерзімнен кейін жарияланды.
7.6	Интернет-ресурс жақсы құрылымдалған, навигация үшін қолайлы болуға және мүдделі тұлғаларға Қордың және ұйымдардың қызметін түсіну үшін қажетті ақпаратты қамтуға тиіс.	<p>1) Қоғамның интернет-сайты озық тәжірибеде көзделген ақпараттық маңызды бөлігін қамтиды. Негізгі ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.</p> <p>2) Интернет-ресурсты өзектендіру қажеттілікке қарай, ұдайы жүзеге асырылады.</p> <p>3) Қоғамның барлық іс-шаралары мен маңызды корпоративтік оқиғаларына қатысты баспасөз-хабарламасы шығарылады.</p> <p>4) Қоғамның веб-сайтында ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу саясатына, Қоғам Басқармасының 12.09.2019 ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>5) Басқарма Төрағасының 28.06.2019 ж. №119-к бұйрығымен Мемлекеттік органдармен байланыс департаменті менеджерінің лауазымдық нұсқаулығына веб-сайтта ақпараттың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде уақытылы жариялануына жауапкершілікті бекіту бөлігінде өзгерістер енгізілді.</p> <p>6) Интернет-сайттың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкестігі туралы есеп Басқармада 30.09.2019 ж. №41/2019 қаралды.</p> <p>7) 2019 жылғы ашықтық туралы есеп Басқарма отырысында 20.12.2019 ж. № 51/2019 қаралды және назарға алынды.</p>	Ішінара Қолданылад ы	2019 жылы Компанияның атын өзгертуге байланысты Қоғамның жаңа веб-сайты іске қосылды. Бұл ретте жарияланымдар тек орыс, қазақ тілдерінде ғана жүзеге асырылады. Ал Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғам ақпаратын ашу тәртібіне сәйкес интернет-ресурста, оның ішінде ағылшын тілінде орналастырылатын ақпараттың бірдейлігін сақтау қажет. Бұл ретте, мақсатты аудитория, яғни корпоративтік сайттың мазмұны бағытталған, ақпаратты алуға мүдделі интернет-пайдаланушылар тобы жергілікті пайдаланушылар (ҚР резиденттері) және ТМД-дан пайдаланушылардың аз саны (шамамен 7%) болып табылады.

Қысқартулар тізімі:

ЖЕ - Жылдық есеп

ЕТҰ - Еншілес тәуелді ұйымдар

ІАҚ - Ішкі аудит қызметі

ДК - Директорлар кеңесі

ҚМЖ - Құрылыс-монтаждау жұмыстары

ТБКЖ - Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

КБ – Корпоративтік басқару

Қор/Жалғыз акционер/ЖА - «Самұрық-Қазына» АҚ

Қоғам/Компания - «Samruk-Kazyna Construction» АҚ